

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ**

ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Қарабалық кенті, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы.

1. БӨЛІМ. 1. Бөлім.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.....
2. Бөлім. Кадрлық құрамға талдау.....
3. Бөлім. Тәрбиеленушілер конингенті.....
4. Бөлім. Оқу-әдістемелік жұмыс.....
5. Бөлім. Оқу-материалдық активтер.....
6. Бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры.....
7. Бөлім. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.....
8. Бөлім. Білім беру процесіне қатысушылардан және т.б. сауалнамасы.....
9. Бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.....
- 10.Бөлім. Қорытынды мен ұсыныстар.....

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы.

1. БӨЛІМ. 1. Бөлім.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.....
2. Бөлім. Кадрлық құрамға талдау.....
3. Бөлім. Білім алушылар конингенті.....
4. Бөлім. Оқу-әдістемелік жұмыс.....
5. Бөлім. Оқу-материалдық активтер.....
6. Бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры.....
7. Бөлім. Білім алушылардың білімін бағалау.....
8. Бөлім. Білім беру процесіне қатысушылардан және басқа респонденттердің сауалнамасы.....
9. Бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.....
- 10.Бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар.....

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1 бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Ұйымның заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен - жайы:	110700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Молодежный бульвары, Құрылыс 2
Заңды тұлғаның байланыс деректері:	Телефон: 87144121319 Электронды поштасы: m.seralin@mail.kz Мектеп сайты: https://Seralyn-karabalyk.edu.kz Инстаграмм: m.seralin_mektebi
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:	Мектеп директоры Бисенов Аскар Кушербаевич, Қарабалық ауданы білім бөлімі басшысының 2007 жылғы 25 тамыздағы № 31 бұйрығымен тағайындалған.
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы әкімдіктің 2021 жылдың 5 қаңтардағы № 11 қаулысымен бекітілген Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы БИН 070940002625, 02.09.2007 жыл.
Рұқсат беру құжаттары:	Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияның нөмірі: KZ19LAA00019647. 20.01.2021 жыл. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама нөмірі: KZ15RVK00047844. 01.03.2023 жыл.
Материалдарға сілтеме:	

2 бөлім. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:
Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидасын сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер.

Бағаланатын кезеңде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ шағын орталық және Мектепалды сыныбы педагогтерін кадрлық құраммен жасақтау бекітілген штаттық кестесі негізінде жүргізілді. Педагогтердің штаттық саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына сәйкес белгіленген. Мектепте толық күнді мектепке дейінгі шағын орталықтың 2 тобы, «Алма» кіші тобы, «Көбелек» аралас тобы және Мектепалды сыныбының 2 сыныбы жұмыс атқарады.

2024-2025 оқу жылында "Қарабалық ауданының білім бөлімі" ММ басшысы бекіткен штаттық кестеге (2025 жылғы 1 наурызға) сәйкес "Ұлттық білім беру деректер базасы" АЖ мәліметтері бойынша мектепке дейінгі ұйымның кадрлық құрамында 6 тәрбиеші қызмет атқарады.

2024-2025 оқу жылында 6 тәрбиеші қызмет атқарады.

Барлығы 6 тәрбиеші, 6 тәрбиешінің 2 тәрбиешінің Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша жоғары білімі бар. Бұл барлық тәрбиешілер санының 33,3 % құрайды. Мұхамеджан Сералин атындағы ЖББМ коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтер құрамы:

Оқу жылдары	Тәрбиеші саны	Жоғары білімі	Арнайы орта білімі
2024-2025	6	2	4

2024 - 2025 оқу жылында тәрбиешілер саны 6, соның ішінді жоғары білімді 2 тәрбиеші (33,3 %), арнайы орта білімі бар 4 (66,6 %) тәрбиеші.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі - 100%.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

Басшы біліктілік санатының деңгейін үш жылда бір реттен сиретпей арттырады. Әкімшілік құрамында басшы – 1. Бисенов Аскар Кушербаевич. Аттестаттау қорытындысы бойынша 2023 жылдың 28 тамыздағы № 496 бұйрығына сәйкес мектеп директоры Бисенов А.К. мәлімделген «Басшы менеджер» біліктілік санаты берілді.

Басшының орынбасарлары: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сейткасымова Г.С. Қостанай облысының "Қарабалық ауданының білім бөлімі" ММ 09.09.2024 жылғы №314 бұйрығы негізінде берілген "үшінші біліктілік санаты басшысының орынбасары" біліктілік санатына ие; директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шишимбаева Г.Б "үшінші біліктілік санаты басшысының орынбасары" біліктілік санаты "Қарабалық ауданының білім бөлімі» ММ 19.12.2022 жылғы № 414 бұйрығының негізінде берілген. Шынуар Сетер ТІЖО ретінде жұмыс өтілі 1 жыл 2 ай. Келесі жылы өтініш береді.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/ растау туралы мәліметтер:

Педагогтерді аттестаттау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 [бұйрығына](#) сәйкес өтеді.

Санат	Оқу жылы
	2024-2025
Барлық педагог	6
Екінші санат	
педагог– зерттеуші	1 (16,6%)
педагог- сарапшы	
педагог-модератор	3 (50 %)
педагог-тағылымдамашы	2 (33,3 %)
педагог	
Барлық пайыз	66,6 %

2024 - 2025 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес 6 тәрбиеші жұмыс істейді. Санат бойынша: педагог-зерттеушілер -1, (16,6 %), педагог – модератор – 3 (50 %), педагог тағылымдамашы -2 (33,3 %).

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, мектеп педагогтері әр 3 жыл сайын біліктілік арттыру курстарынан өтуде. Мектепте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары әзірленіп, бекітілді, оған сәйкес педагогтерді әртүрлі деңгейдегі курстарда оқыту жүзеге асырылады, курстық даярлықтан өту мониторингі жүргізіледі.

Мектеп директоры Бисенов А.К. «Білім берудегі менеджмент» курсы 2023 ж, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шишимбаева Г.Б. «Білім берудегі менеджмент» курсы 2023 жылы, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сейткасымова Г.С. және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шынуар С. «Білім берудегі менеджмент» курсы 2024 жылы өтті.

Педагогикалық ұжымда 6 тәрбиеші, соның 6 тәрбиешісі біліктілік арттыру курстарынан өтті, бұл барлық педагог санының 100 % құрайды. Алдағы уақытта перспективалық жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өту жалғасады.

Қорытындылар:

1. Педагогикалық құрам салыстырмалы түрде тұрақтылықпен ерекшеленеді.

2. Тәрбиешілер кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында уақытылы курстардан өтіп отырады.

3-бөлім. Тәрбиеленушілер контингенті

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

1. Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер:

Шағын орталық және мектепалды сыныбында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім беру бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ

– де аттесталатын кезеңде 2 мектепалды сыныбы және екі шағын орталық тобы бар. Кіші тобы / 2 жастағы/ және аралас тобы /3,4 жастағы/.

Мектепалды сыныбындағы барлығы -28 тәрбиеленуші, соның ішінді «А» сыныбында 5 жастағы -16 тәрбиеленуші, мектепалды «Ә» сыныбында 5 жастағы – 12 тәрбиеленуші.

Толық күнді «Алма», «Көбелек» екі шағын орталық тобы:

«Көбелек» аралас тобында -19 тәрбиеленуші, ортаңғы топта (3 жастағы) – 12 тәрбиеленуші және ересек топта (4 жастағы) - 7 тәрбиеленуші. «Алма» кіші тобында (2 жастағы) - 13 тәрбиеленуші.

2024 – 2025 оқу жылына арналған тәрбиеленушілер контингенті:

Топ атауы	жасы	Бала саны
Кіші топ	2 жастағы	13
Аралас топ /ортаңғы, ересек /	3 жастағы	12
	4 жастағы	7
Мектепалды сыныбы	5 жастағы	28
Барлығы		60

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтылығы туралы мәліметтер:

Мектептің мектепалды сыныбында 28 тәрбиеленуші: 5 жастағы балалар - 28 тәрбиеленуші.

Мектепалды сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ.

Мектепке дейінгі толық күнді "Алма" шағын орталықта 2 жастағы -13 тәрбиеленуші, "Көбелек" тобында 3 жастағы – 12 тәрбиеленуші, 4 жастағы -7 тәрбиеленуші (аралас топ) бар.

Шағын орталықта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ.

Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер:

Шағын орталықта -2 топ: "Алма" кіші тобы екі жастағы, «Көбелек» аралас тобы –3 және 4 жастағы тәрбиеленушілермен жасақталған. Мектепалды сыныпта 5 жастағы тәрбиеленушілер. Әр топтағы тәрбиеленушілер жасы мемлекеттік стандартқа сай келеді.

2024-2025 оқу жылында шағын орталық «Алма» тобына 11 тәрбиеленуші қабылданды. Балалардың жасы 2 жастағы балалар. «Көбелек» аралас тобына 20 тәрбиеленуші қабылданды. Олардың 3 жастағы – 12 тәрбиеленуші, 4 жастағы – 8 тәрбиеленуші.

2024-2025 оқу жылында мектебімізде Мектепалды 2 сыныбы ашылды. Мектепалды «А» және «Ә» сыныбы. Мектепалды сыныбында 2024 жылдың басына сәйкес тәрбиеленушілер саны 29 баланы құрады. Мектепалды «А» сыныбында - 17 тәрбиеленуші, «Ә» сыныбында – 12 тәрбиеленуші.

Барлық балалар мектепалды даярлық сыныбына қабылданған уақытта медициналық тексеру комиссиясының ұсынымына сәйкес және ата-аналарының өтініші бойынша қабылданды.

Оқу жылы	Мектепке дейінгі	Барлық топ	Тәрбиеленушілер саны	Соның ішінде			
				2 жастағы	3 жас	4 жас	5 жас
2024-2025 оқу жылы	Мектептің мектепалды сыныбы	2	29				29

	Шағын орталық тобы	2	31	11	12	8	
--	--------------------	---	----	----	----	---	--

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2024 - 2025 оқу жылында шағын орталық «Алма» кіші тобында оқу жылының басында 11 тәрбиеленуші қабылданды. Оқу жылы бойы 2 тәрбиеленуші келді, 0 кетті. 2025 жылдың наурыз айы басында 13 тәрбиеленуші отыр.

Шағын орталық «Көбелек» аралас тобында (ортаңғы шағын топ, ересек шағын топ) оқу жылының басында 19 тәрбиеленуші қабылданды. Оқу жылы бойы 1 тәрбиеленуші келді, 1 кетті. 2025 жылдың Наурыз айы басында 19 тәрбиеленуші қалды.

Мектепалды сыныбында 2024 жылдың 1 қыркүйегіне сәйкес тәрбиеленушілер саны 29 баланы құрады. Оның Мектепалды «А» сыныбында 17 тәрбиеленуші, «Ә» сыныбында 12 тәрбиеленуші. Оқу жылы бойынша Мектепалды «А» сыныбынан 1 бала кетті. Соымен 2025 жылдың 1- наурызына мектепалды «А» сыныбында- 16 тәрбиеленуші, «Ә» сыныбында 12 тәрбиеленуші. Барлығы 28 тәрбиеленуші. Барлық балалар мектепалды даярлық сыныбына қабылданған уақытта медициналық тексеру комиссиясының ұсынымына сәйкес және ата аналарының өтініші бойынша қабылданды.

Балалардың қозғалысы 3-қосымшада қадағаланады, сондай-ақ 1 сәуірге және аттестаттау кезеңінде балалардың тізімдері қоса беріледі.

Шағын орталық тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы:

Топ	Оқу жылының басында	Келгені	Кеткені	Қазіргі уақытта
2024-2025	30	3	1	32

Мектепалды сыныбының тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы:

Топ	Оқу жылының басында	Келгені	Кеткені	Қазіргі уақытта
2024-2025	29		1	28

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданының білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-де мемлекеттік білім беру тапсырысы жоқ, бірақ мектептің мектепалды сыныбы және толық күнді шағын орталық тобы тәрбиеленушілері ата-аналарының есебінен тамақтанады. 1 ауысым мектепалды сынып тәрбиеленушілері үшін таңғы ас, толық күнді шағын орталық тобы тәрбиеленушілер үшін – таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі тағамдар қарастырылған. Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі "Қостанай облысының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тамақтану шығындарын өтеу туралы" Қаулысына сәйкес 2024-2025 оқу жылында 13 тәрбиеленуші (көп балалы отбасынан шыққан балалар) тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

2024 – 2025 оқу жылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ шағын орталық және мектепалды сыныбының тәрбие мен білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҰОЖ) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Шағын орталықтың бір тобы аралас жастағы топ бойынша құрылды: ортаңғы топ - 3 жастағы балалар -12 тәрбиеленуші, ересек топ - 4 жастағы балалар -7 тәрбиеленуші. Барлығы 19 тәрбиеленуші. Екінші топ: 2 жастағы -13 тәрбиеленуші. Мектепалды сынып - (5 жастағы балалар) 2 сынып: мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің контингенті – 28 тәрбиеленуші.

Жұмыс оқу жоспарлары бес күндік оқу аптасына бөлінген.

Қорытынды: Кіші, аралас шағын орталық тобына және мектепалды даярлық сыныбына 2024-2025 оқу жылдарында күнтізбелік жылы толық жасқа толған балалардың жасы ескеріле отырып құрылды. Жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарламаны зерделеу және 1-сыныпқа барар алдында бір жылдық мектепалды сыныбына баруы қамтамасыз етілді.

1.1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады: шағын орталық тобында және мектепалды сыныбында тәрбиеленушілер 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін оқытылады және оқу жылы барысында белгіленген демалыс уақыттары бар. Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес дамытудың барлық бағыттарын қамтиды, сыныптағы дамушы орта өзін-өзі қамтамасыз етеді. Мектепалды сынып тәрбиеленушілері 1-сыныпқа тұрақты көшеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 3-қосымшасына сәйкес тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары, коммуникативтік-тілдік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жоспары арқылы жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылы

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);

1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

4-бөлім. Оқу-әдістемелік жұмыс

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ шағын орталық және мектепалды сыныбы тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес мектепке дейінгі деңгейде тәрбие-білім беру қызметін жүзеге асырады.

2,3,4 жасқа дейін және 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (оқу бағдарламасы) негізінде шағын орталық және мектепалды сыныбы үшін жұмыс оқу жоспары әзірленді.

Оқу жұмыс жоспары жыл сайын жасалып, тамыз айында өткізілетін мектеп педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының білім бөлімі» ММ сараптамадан өткізеді.

2024-2025 оқу жылы

Шағын орталық тобы мен мектепалды сыныптар үшін жұмыс оқу жоспары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 өзгертулер мен толықтырулармен) және «Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы /Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 өзгертулер мен толықтырулармен/ және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 өзгертулер мен толықтырулармен). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметін ұйымдасқан қызметті ойын түрінде интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген әрекеті.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық нормалары мен қағидаларына сәйкес келетін мектепалды сыныптар үшін апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 20 сағат.

2024-2025 оқу жылдарында жұмыс оқу жоспарларында вариативтік компонент қарастырылмаған.

2024-2025 оқу жылында: мектепке дейінгі 2 шағын орталық тобы-кіші топтағы (2 жастағы) және аралыс жастағы топпен (3 жастағы және 4 жастағы балалар) және екі мектепалды сынып (5 жастағы балалар).

Оқу - тәрбие процесі:

* жұмыс оқу жоспары;

* перспективалық жоспар;

* циклограмма;

* тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес ұйымдастырылды.

2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары «Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы /Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 өзгертулер мен толықтырулармен/ негізінде әзірленді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін шағын орталықтың ортаңғы және ересек топтарында, мектепалды сыныптарда ұйымдастырылған қызмет педагогтер күні бойы ойын түрінде ұйымдастырған интеграцияланған сабақтар арқылы балалар қызметінің әртүрлі түрлері (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы, соның ішінде балаларға қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарды, патриотизм сезімін, Отанға деген сүйіспеншілікті ояту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, мектепке дейінгі ұйым жұмысының бағытын ескере отырып, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларына баулу жөніндегі міндеттердің қатарында. Сонымен қатар, жас ерекшеліктерін ескере отырып, күндізгі уақытта балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.

2024-2025 оқу жылы

«Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына /Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 өзгертулер мен толықтырулармен/ сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: Дене шынықтыру- 3 сағат. Дене шынықтыру**- күн сайын. Сөйлеуді дамыту-2 сағат, Көркем әдебиет -2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті - күн сайын. Қазақ тілі-2 сағат. Қазақ тілі**-күн сайын. Сауат ашу негіздері-3 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет -күн сайын. Математика негіздері-3 сағат. Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті-күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру-2 сағат. Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті-күн сайын. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру-1 сағаттан. Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті-күн сайын. Музыка - 2 сағаттан. Музыка**-күн сайын. Дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру (31.01.2025 ж. дейін), дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру (01.02.2025 ж. бастап) өзгертілді. Аптадағы нормативтік жүктеме 20 сағатты құрайды.

3, 4 жастағы «Көбелек» аралас тобы.

Дене шынықтыру - аптасына үш рет. Дене шынықтыру**-күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет - күн сайын. Қазақ тілі- аптасына бір рет,

қазақ тілі**- күн сайын. Математика негіздері- күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру- күн сайын. Сурет салу- күн сайын, Мүсіндеу- күн сайын, Жапсыру- күн сайын, Құрастыру- күн сайын. Музыка - аптасына бір рет, музыка**-күн сайын, 4 жас топ балаларына музыка - аптасына екі рет, музыка**- күн сайын Дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру (31.01.2025 ж. дейін), дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру (01.02.2025 ж. бастап) өзгертілді

Шағын орталық тобы бойынша: 2 жастағы «Алма» тобы.

Дене шынықтыру - аптасына үш рет . Дене шынықтыру **- күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет - күн сайын. Сенсорика- күн сайын. Қоршаған ортамен таныстыру- күн сайын. Сурет салу- күн сайын, Мүсіндеу- күн сайын, Жапсыру- күн сайын, Құрастыру- күн сайын. Музыка - аптасына бір рет, музыка**- күн сайын

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ шағын орталық және мектепалды сыныбында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталды.

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау

Апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдасқан қызметтің барлық түрлерін қамтиды және оқыту тілдері бойынша топтарға сәйкес келеді. Мектепалды сыныптың апталық оқу жүктемесінің көлемі (5 жастағы балалар) – 20 сағат және сабақтың ұзақтығы – 25-30 мин. Бір жас тобындағы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру мерзімі-1 жыл. Әр түрлі жас тобындағы оқу жүктемесінің жалпы көлемі санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келеді.

Мектепте 01.09. 2022 жылы ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмыс істейді. Консультациялық пункттің қызметін қамтамасыз ету мақсатында мынадай құжаттама жүргізіледі: МДҰ-ға келмейтін ата-аналар мен балаларға арналған консультациялық пункт туралы ереже; консультациялық пунктті ашу туралы бұйрық; консультациялық пункттің жұмыс жоспары, өтініштерді тіркеу журналы. Осы пункт құрылған сәттен бастап өтініштер түскен жоқ, өйткені мектепке іргелес аумақта тұратын мектеп жасына дейінгі балалар мектепке дейінгі балалармен қамтылған.

5-бөлім. Оқу - материалдық активтер

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар: - мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау

Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат.

1. Ғимарат туралы ақпарат.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ 2022 жылы пайдалануға берілген жеке тұрған ғимаратта орналасқан. Ғимараттың техникалық жағдайы жақсы. Типтік ғимарат, кірпіш. Мектепалды сыныптың жобалық қуаты – 20 орын, шағын орталықтар- 20 орын. Тәрбиеленушілерді қабылдау үшін ғимараттың қалған бөлігінен оқшауланған шағын орталықтың ұй-жайларына жеке кіреберіс бар. Шағын орталық жеке дәретханалармен, ыстық және суық сумен қамтамасыз етілген. Мектепте бірінші ауысымда айналысатын қазақ тілінде оқытатын 2 мектепалды сынып және толық күнді «Алма» кіші және «Көбелек» аралас тобы жұмыс істейді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

кабинеттері Жиһазбен, үлестірме материалмен жабдықталған. Мектепалды сыныбының ауданы -62 ш. м. шағын орталықтар топтары үшін 2 үй-жайдың ауданы-50 ш. м. Тәрбиеленушілерге арналған екі жатын бөлменің ауданы 50 ш. м. Кабинеттер балалардың жас ерекшеліктеріне және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес жабдықталған. Кабинеттің пәндік-кеңістіктік ортасы түрлендірілетін ойын тақырыптық аймақтарына бөлінеді, бұл әр баланың қызығушылығын, бейімділігі мен белсенділік деңгейін ескере отырып, оның даралығын барынша тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Сыныпта кедергісіз даму ортасы, тәрбиеленушілердің даралығын қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар құрылды. Сонымен қатар, дидактикалық демонстрациялық стенд, ұлттық мәдениет бұрышы, табиғат бұрышы орналасқан. Сондай-ақ, дидактикалық және дамытушылық ойындар мен ойыншықтар, конструкторлар, театрландырылған іс-шараларға арналған жиынтықтар, сюжеттік-рөлдік ойындар, басқатырғыштар, музыкалық ойыншықтар, спорттық ойыншықтар, қуыршақтар, машинкалар, үстел-баспа ойындары, қазақ және орыс тілдеріндегі балалар-көркем әдебиет, энциклопедиялар, сондай-ақ педагогикалық процесті жарақтандыруға арналған жабдықтар бар. Қызмет түрлері бойынша картотекалар бар. Кабинеттерде күрделі басқатырғыштар, конструкторлар, математика мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін түрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен қаріппен жазылған кітаптар, бояу беттері, сандармен тақта-баспа ойындары, ребустар, құралдар, балалар энциклопедиялары, планетаның жануарлар мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі адамдардың өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар бар балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар, заттар-ұлттық киімдегі қуыршақтар, мамандандырылған маңызы бар техника, рөлдік ойындар. Оқыту процесінде тәрбиешілердің сабақтарын дайындау кезінде цифрлық ақпараттық ресурстар кеңінен қолданылады.

2. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат.

2024-2025 оқу жылының басында шағын орталық тобында 32 бала, ал мектепалды сыныбында 29 тәрбиеленуші қабылданды. Шағын орталық және мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің эмоционалды әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын, балалардың белсенділік түрлері мен бірлескен қызметке қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, өзгергіштігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамушы ортаны құруға көп көңіл бөлінеді және негізгі талаптар ескеріледі. Киім ауыстыратын бөлме.

«Физикалық қасиеттерді дамытуды» іске асыру бойынша балалардың денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыруда спорттық құрал-жабдықтар: Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар-2; Қимылды ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар-2; Дұрыс тамақтану туралы альбомы-1; Спорт туралы альбомы-1; Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы-1; Доптарға арналған себет-3; Лақтыруға арналған қалталар-1; Резеңке доп (әр түрлі диаметрлі)-3; Кеглдер жиынтығы-2; Гимнастикалық таяқ-3; Диаметрі 500-600 миллиметр балалар шеңбері-3;

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша балалардың коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамытуда және қарым-қатынас жасауын қалыптастыруда дидактикалық ойындар және атрибуттары, Әр түрлі көлемдегі пирамида-5; Ермек-ойыншық-4; Баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен және үстел үсті ойыны-3; Қуыршақ-6; Ұлттық киімдегі қуыршақ-2;

Қуыршақ театрының жиынтығы-3; Ойыншық ыдыстар жиынтығы-4; Ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық-10; Ірі моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық-2; Ойыншық (жануарлар, құстар)-4; Тақырыптар бойынша заттық суреттер жиынтығы-2; Сюжетті суреттер-3; Құммен ойнауға арналған жиынтық-5; Глобус-3; Фланелеграф-2; Туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар-3; Ойыншық жиһаз-6; Кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер (жиынтықта 15 кітаптан кем емес)-15; Көкөністер мен жемістердің муляждары-4; балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік берілді.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау)-4; Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса)-2; Демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы-2; Жазық геометриялық пішіндер жиынтығы-2; Санау материалы-5; Құм терапиясы-2; Сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі-2; 1-ден 5-ке дейінгі сандары бар карточкалар-2; 1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар-2; Санау таяқшалары-5; Дамытушы үстел ойындары-2; Мозаика-3; Кубик Рубик-4; Әртүрлі тақырыптағы лото-2; Циферблаты бар сағат-1; Өлшеуіш лента-1; Магнитті санау жиынтығы-4; Шахмат-5; Суретті домино-2; Құмсағаты-1; Пазл танграм-4.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша үлестірмелі - дидактикалық материалдармен толығымен жабдықталған. Әртүрлі сылдырмақтар-10; Музыкалық ойыншықтар-3; Балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары-2; Қоңыраулар-5; Қалпақтар-3; Сөмкелер-3; Әртүрлі мамандыққа арналған балалар киімдері-6; Саусақ театрына арналған қуыршақтар-3; Бейнелеу өнеріне арналған материалдар мен құралдар: карандаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары-20; Бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім-10; Фигуралы үлкен трафареттер-1; Боямақтар-10; Жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч-20; Зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар-3; Матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар-10; Тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар)-3; Ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар альбомдар-1; Ойыншықтар-құралдар-2; Бөлме өсімдіктері-11; Сөре-4; Табиғат күнтізбесі-3; Жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары-2; Балаларға арналған мольберт-2; Көлеңке театрына арналған ширма-1; Лупа-1; Оқу микроскопы-1; Табиғат туралы кітаптар (соның ішінде сөйлейтін кітаптар)-10; Жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары-2; Пайдалы қазбалар жиынтығы-1; Өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы-1; Өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы-2; Тәжірибелерге арналған жиынтық-1.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша Отбасылық генеалогиялық бәйтерек жасауға арналған панель-1; Сюжеттік-рөлдік ойын-3; Тақырыптық альбомдар-3; Бөбек-кітапшалар-10.

Топтық бөлмеге арналған жабдықпен жиһаз- Жазу үстелі-10; Кітап сөресі-4; Балалар орындығы-25; Ойыншықтарды орналастыруға арналған шкафтар, қабырғалар, сөрелер, жәшіктер-қажеттілігіне қарай-6; Хабарландыру тақтасы-2;

Балалар жұмыстарына арналған Стенд-2; Маркерлік тақта-2; Материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер-10.

Қорытынды: шағын орталық және мектепалды сыныптағы субъектілік-объектілік кеңістік дамушы орта өзін-өзі және типтік бағдарламаның міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріледі, негізгі қауіпсіздік талаптары орындалады. Балалардың жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып ойын, оқу, зерттеу, тәжірибе жасау, дамыту дағдылары мен дамытуға мүмкіндік беретін қажетті жағдайлар жасалады.

Балалардың жеке, зияткерлік, Әлеуметтік және эмоционалдық дамуына бағытталған жағдайларды қамтамасыз ету үшін мектепалды сыныбында және шағын орталықта тәрбиелік іс-шаралар, дене шынықтыру сабақтарын өткізуге арналған ойын аймақтары бар. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталған пәнге бағытталған орта құрылды. Оқытудың техникалық құралдары бар: интернетке шығатын ноутбук. Мектептің мектепалды сыныбы мен шағын орталықтың тәрбиеленушілері үшін дидактикалық-әдістемелік қамтамасыз етудің мазмұны үнемі толықтырылып отыратын база құрылды. Әр түрлі тақырыптар бойынша сабақтарға презентациялар бар. Мектепалды сыныбындағы және шағын орталықтағы ақпараттық кеңістік қызмет аймақтары (ойын, оқу) бойынша жүйеленген.

6 бөлім . Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысаны» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер пайдаланылады.

Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер (5-қосымша қоса беріледі).

Дидактикалық және әдістемелік құралдардың мазмұны толықтырылатын ҰІӨ кезінде АКТ-технологияларды пайдалану үшін база құрылды. Әр түрлі тақырыптар бойынша сабақтарға презентациялар бар. Сондай-ақ, демонстрациялық және үлестірмелі материалдар бар.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы;

Білім беру процесінің тиімділігі туралы ақпарат алу үшін, сондай – ақ әр баланың даму динамикасын қадағалау үшін тәрбиешілер диагностика негізінде типтік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізеді (қыркүйекте бастапқы, қаңтарда аралық және мамырда қорытынды).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасында "Түзету іс-шаралары" бөлімінде осы диагностикалардың

қорытындылары бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар баланы одан әрі дамыту бойынша іс-шаралар өткізеді. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Шағын орталық пен мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары жылдар бойынша ұсынылған.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданының білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-де баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектепалды сыныптағы және шағын орталықтағы балалардың дағдыларын дамыту мониторингі ұйымдастырылды. Балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі барысында Даму деңгейлеріне сәйкес күтілетін нәтижелер түрінде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттер көлемі айқындалады.

Стандартпен анықталған даму деңгейлері мыналарға тең:

III деңгей – «жоғары»;

II деңгей – «орташа»;

I деңгей – «төмен».

Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы;

Бағаланатын кезеңдегі мониторинг нәтижелерінің көшірмелері қоса беріледі

2024-2025 оқу жылы

Мектепалды сыныбы:

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының аралық мониторингіне келесі білім беру салалары бойынша 28 бала қатысты, бұл балалардың қатысуының 100 % көрсетті.

Нәтижесінде балалардың келесі деңгейі анықталды:

Төмен – 6 (21,4 %.)

Орташа- 14 (50 %)

Жоғары – 8 (28,5%).

(Бағаланатын кезеңдегі мониторингтердің көшірмелері қоса беріледі).

«Көбелек» ортаңғы тобы /3 жастағы/

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының аралық мониторингіне келесі білім беру салалары бойынша 12 бала қатысты, бұл балалардың қатысуының 100 % көрсетті.

Нәтижесінде балалардың келесі деңгейі анықталды:

Төмен – 2 (16,6 %.)

Орташа- 6 (50 %)

Жоғары – 4 (33,3%).

«Көбелек» ересек тобы /4 жастағы/

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының аралық мониторингіне келесі білім беру салалары бойынша 8 бала қатысты, бұл балалардың қатысуының 100 % көрсетті.

Нәтижесінде балалардың келесі деңгейі анықталды:

Төмен – 2 (25 %.)

Орташа- 4 (50 %)

Жоғары – 2 (25%).

«Алма» /2 жастағы/ шағын орталық тобы:

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының аралық мониторингіне келесі білім беру салалары бойынша 12 бала қатысты, бұл балалардың қатысуының 100 % көрсетті.

Нәтижесінде балалардың келесі деңгейі анықталды

Төменгі деңгей – 2 (16,6%.)

Ортаңғы теңгей- 7 (58,3%)

Жоғары деңгей– 3 (25 %).

Мониторинг нәтижелері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың оқу жылы ішінде білім беру салаларында ұйымдастырылған қызмет түрлері бойынша білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақыланады, мониторинг күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, оларды шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

8-бөлім. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында Telegram чатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін онлайн форматта анонимді сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға 6 тәрбиеші қатысты.

Тәрбиешілер арасындағы сауалнама нәтижелерін талдау мынаны көрсетті:

	Сұрақтар	толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	6			
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	6			
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	6			
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	6			
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	6			
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	6			
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	6			
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	6			
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	6			

10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	6			
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	6			
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	6			
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	6			
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	6			
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	6			
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	6			
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	6			
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды				6
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егерсізде шағымдар болса, Сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				6

Мектепалды сынып тәрбиелеушілерінің ата-аналары мектеп қызметінің ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесіне неғұрлым толық талдау алу мақсатында Telegram чатында онлайн форматта анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 28 ата-ана қатысты.

Ата-аналар сауалнамасының нәтижелерін талдау мынаны көрсетті:

№	Сұрақтар	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің баланыз балабақшаға қуана барады	25	3		
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	25	3		

3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	25	3		
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	23	5		
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	24	4		
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	23	5		
7	Мектепте дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	24	4		
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	24	4		
9	Сіз балаңыздың жетістіктерімен мінез құлқы туралы ақпараттың дұрыс сапасына қанағаттанасыз	22	6		
10	Топ ата-аналары мен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	23	5		
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	23	5		
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе			5	23
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргініз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде			3	25

	шағымдар болса, Сіз Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				
--	---	--	--	--	--

Қорытынды: 28 ата-ананың арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 100 % мектеп ұсынатын білім беру қызметінің сапасына, оқу-тәрбие үрдісіне, тәрбиешілердің педагогикалық іс-әрекеттерінің жүйелілігіне, жалпы мектеп әкімшілігінің жанұямен жұмыс істеулеріне көңілі толады.

Ұсыныстар: Мектеп әкімшілігі мен тәрбиешілер алдағы жұмысында сауалнама нәтижелерін ескеруі қажет.

9-бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.

1. Тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі жоқ педагогтардың болуы (33,3%)

Шешу жолдары: педагогтарға кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарына түсіп, жоғары білім туралы диплом алу ұсынылды.

2. «Педагог-модератор» біліктілік санатына ие педагогтардың болуы **Шешу жолдары:** педагогтарға жоспарлы аттестация арқылы бар біліктілік санатын «педагог-сарапшы» деңгейіне дейін көтеру ұсынылды.

10-бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар

2024–2025 оқу жылдарына арналған тәрбие-білім беру үдерісіне толық талдау жүргізілді.

1. Мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметі нормативтік-құқықтық актілер мен бекітілген жоспарларға сәйкес негізделіп, жүзеге асырылды.
2. Мектепке дейінгі ұйым, отбасы және қоғам арасындағы өзара әрекеттестіктің инновациялық формаларын біртұтас білім беру кеңістігінде қолдану – білім беру процесінің нәтижелілігіне оң әсерін тигізуде.

Сонымен қатар, педагогтардың біліктілік санаттарын арттыру, сондай-ақ тәрбиеленушілердің дарындылығын дамыту бағытында педагогтердің жұмыс жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бұл – тәрбиеленушілердің зияткерлік және шығармашылық байқауларға қатысуы арқылы жүзеге асады.

Білім беру мазмұнын бағалау критерийлеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымның қорытынды бағасы: 42 балл (үлгілі деңгей).

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымның өзіндік бағалау нәтижелері көрсетілетін білім беру қызметтерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігін дәлелдейді.

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттары
1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Білім беру ұйымының аталуы:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Ұйымның заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен- жайы:	110700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Молодежный бульвары, Құрылыс 2
Заңды тұлғаның байланыс деректері:	Телефон 87144121319 Электронды поштасы: m.seralin@mail.kz Мектеп сайты: https://Seralyn-karabalyk.edu.kz Инстаграмм: m.seralin_mektebi
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:	Мектеп директоры Бисенов Аскар Кушербаевич, Қарабалық ауданы білім бөлімі басшысының 2007 жылғы 25 тамыздағы №31 бұйрығымен тағайындалған.
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы әкімдіктің 2021 жылдың 5 қаңтардағы № 11 қаулысымен бекітілген Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы БИН 070940002625, 02.09.2007 жыл.
Рұқсат беру құжаттары:	Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияның нөмірі: KZ19LAA00019647. 20.01.2021 жыл. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама нөмірі: KZ15RVK00047844. 01.03.2023 жыл.
Материалдарға сілтеме:	

2-бөлім. Кадрлық құрамға талдау

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

– Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәлімет

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қарабалық ауданы білім бөлімінің Мұхамеджан Сералин атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-де барлығы 30 педагог, оның ішінде 2 қоса атқарушы жұмыс істейді, оның ішінде 30 жоғары білімі бар, бұл педагогтардың жалпы санының 100 % - құрайды. 30 педагог ішінде 1 педагог профориентатор, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 IT маман. 26 педагог пән мұғалімдері.

1. Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәлімет:

Басшы: Бисенов Аскар Кушербаевич, 1976 жылы туған, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 27 жыл, осы мектепте – 18 жыл, осы лауазымда – 18 жыл, санаты Басшы - менеджер.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Сейткасымова Гулнар Сейдуалиевна – 1976 жылы туған, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 26 жыл, осы мектепте – 15 жыл, осы лауазымда – 7 жыл. Үшінші біліктілік санаты бар.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Шишимбаева Гульнара Батырхановна – 1980 жылы туған, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 17 жыл, осы мектепте – 7 жыл, осы лауазымда – 7 жыл. Үшінші біліктілік санаты бар.

Шынуар Сетер -1989 жылы туған, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 13 жыл, осы мектепте – 13 жыл, осы лауазымда – 1 жыл 6 ай.

Психолог: Ержанова Гульдана Алданышевна – 1994 жылы туған, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 2 ай, осы мектепте – 2 ай, осы лауазымда – 2 ай.

Мектеп әкімшілігінің мүшелері 100 % жоғары білімді, орташа педагогикалық өтілі – 22 жыл, орташа басқарушылық өтіл – 9 жыл.

Мектептің педагогикалық ұжымының кадрлық құрамы.

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі – педагогикалық кадр құрамын нығайту бойынша қызмет. Мектеп басшысы педагогикалық ұжымды ҚР «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес қалыптастырады, қызметкерлерді қабылдауды еңбек шарты негізінде жүзеге асырады. Еңбек кодексіне сәйкес жұмысқа қабылданған барлық мұғалімдермен еңбек шарттары жасалады.

Педагогикалық кадрларды талдау

№	Оқу жылы	барлығы	жоғары білімді	%	арнайы орта білімді	%	магистр дәрежесі бар	%
3	2024-2025	30	30	100 %	0	0 %	1	3,3

2024 - 2025 оқу жылында педагог саны 30, соның ішінді жоғары білімді 30 педагог (100 %).

2024 - 2025 оқу жылында педагогтер саны 30, соның ішінді магистр дәрежесі бар 1 педагог (3,3 %) .

2024-2025 оқу жылында мектепте 30 педагог жұмыс істейді, оның 30-ы (100 %) тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар. Базалық білімі жоқ педагогтар жоқ. Биылғы оқу жылында магистр дәрежесі бар 1 педагог бар: оның ішінде педагогика ғылымдарының магистрі Демес Мадина Сайранбекқызы – тарих пәнінің мұғалімі. Магистр дәрежесі бар мұғалімдердің үлесі 3,3 %-ды құрайды.

Мемлекеттік аттестаттаудан өту кезінде мектеп штаттық мұғалімдер құрамымен толық қамтамасыз етілген.

Педагог қызметкерлердің жас құрамы:

№	Оқу жылы	барлығы	30 жасқа дейін	30 - 50 жас аралығы	50 және одан да жоғары	педагогикалық ұжымның орташа жасы
3.	Альмагамбетов Дастан	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	2
4.	Даулет Айсултан	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1
5.	Есалиева Анеля	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1
6.	Ильясбек Айша	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	2
7.	Шожанов Алишер	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	2
8.	Жұмабек Жалғас	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1

9.	Жангельдинов Елнур	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1
10.	Кинжасар Санжар	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1
11.	Коженъязова Еркежан	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1
12.	Сағумбаев Адиль	2	Бастауыш сыныптарға арналған ІІ Республикалық «Мың бала- 2024» олимпиадасы	1
13.	Женес Айсултана	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
14.	Жумабаев Жантолы	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
15.	Жұмабек Жалғас	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
16.	Кинжасар Санжар	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (қазақ тілі пәнінен)	2
17.	Кинжасар Санжар	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
18.	Даулет Айсултан	2	2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» Республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының аудандық кезені	3
19.	Сағумбаев Адиль	2	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
20.	Женес Айсултана	2	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
21.	Шожанов Алишер	2	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
22.	Даулет Айсултан	2	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені (қазақ тілі пәнінен)	1
23.	Кинжасар Санжар	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
24.	Жұмабек Жалғас	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
25.	Жумабаев Жантолы	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
26.	Жангельдинов Елнур	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1
27.	Жалмурзаева Фариза	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (қазақ тілі пәнінен)	1
28.	Даулет Айсултан	2	«Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезені (математика пәнінен)	1

**Бекмурзина Токслу Акатаевна
Базылбекова Салтанат Маралбековна**

29.	Марат Нурали	3	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
30.	Сейткерей Мирас	3	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	3
Кадырбаева Жумакуль Шакимовна Базылбекова салтанат маралбековна				
31.	Болатбек Гүлдей	4	2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» Республикалық зерттеу обалары мен шығармашылық жұмыстарының облыстық кезені	1
32.	Болатбек Гүлдей	4	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені	2
33.	Болатбек Гүлдей	4	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені (ағылшын тілі пәнінен)	2
34.	Касымов Рауан	4	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
35.	Аубакирова Саяжан	4	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	3
Ескендірова Алмабике Мерекеновна Сейткасымова Гульнар Сейдуаливна				
36.	Шалтыкова Енлик	5	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	1
37.	Шалтыкова Енлик	5	5-6 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	1
Пән мұғалімдері				
38.	Сейтжан Жанерке	6	Дистанционная олимпиада «Полиглот» для учащихся 5-6 классов	3
39.	Ердосова Амина	6	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	2
40.	Ердосова Амина	6	5-6 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	1
41.	Қонысұлы Ерсін	6	Дистанционная олимпиада «Полиглот» для учащихся 5-6 классов	3
Ескендірова Алмабике Мерекеновна Сейткасымова Гульнар Сейдуаливна Кульжабекова Айгуль Булатовна				
42.	Жұмабек Ануар	6	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені	1
43.	Нысанова Алтын	6	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені	1
44.	Жұмабек Ануар	6	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені (ағылшын тілі пәнінен)	1
45.	Нысанова Алтын	6	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені (ағылшын тілі пәнінен)	1

Кульжабекова Айгуль Булатовна				
46.	Болатбек Гүлдей	4	Республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі, ағылшын тілі	1
Уразбаева Раушан Куантаевна				
47.	Тулеш Асылым	7	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	2
48.	Мустафина Томирис	7	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	2
49.	Тулеш Асылым	7	7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	1
50.	Мустафина Томирис	7	7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	2
Пән мұғалімдері				
51.	Абилова Дилназ	8	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
52.	Нурманов Адиль	8	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	1
53.	Тусенова Дильяра	8	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	1
54.	Тусенова Дильяра	8	7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	1
55.	Нурманов Адиль	8	7-8 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	3
Уразбаева Раушан Куантаевна				
56.	Тусенова Дильяра	8	Орыс тілі және әдебиет пәні бойынша қашықтық олимпиада (дарын)	3
57.	Галеева Самира	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	3
58.	Шайхисламова Дарина	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	2
59.	Орехова Томирис	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	3
60.	Куанышбек Бекасыл	9	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	3
Ескендинова Алмабике Мерекеновна				


61.	Орехова Томирис	9	«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңінде «Білгірлер бәйгесі» бағыты бойынша	3
Уразбаева Раушан Куантаевна				
62.	Галеева Самира	9	9-11 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	3
63.	Орехова Томирис	9	Орыс тілі және әдебиет пәні бойынша қашықтық олимпиада (дарын)	3
Шынуар Сетер				
64.	Ердосова Адема	10	Жас тарихшылардың «менің кіші Отаным» атты Республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңі «Менің шағын Отанымның тарихы» бағыты бойынша	2
65.	Ожар Аяла	5	ProEko республикалық экологиялық жоба	1
66.	Абилова Гүлназ	4	“Сүйем сені, туған өлкем” облыстық конкурсы	2
Нарбек Мадина Бағланқызы				
67.	Сайлауов Нурислам	10	“Ауыл олимпиадасы” жалпы пәндер олимпиадасының облыстық кезеңі, ағылшын тілі	3
68.	Нысанова Алтын	6	“Қазақстан болашағы балалар көзімен” облыстық сурет конкурсы	3
69.	Шурабаев Диас	7	Ағылшын тілі бойынша қашықтық олимпиада	2
70.	Шурабаев Диас	7	“Around the world” ағылшын тілінен облыстық конкурс	2
71.	Жаксимбеков Адилет	7	Ағылшын тілі бойынша қашықтық олимпиада	1
72.	Жаксимбеков Адилет	7	“Around the world” ағылшын тілінен облыстық конкурс	1
Пән мұғалімдері				
73.	Жаксылыкова Аяжан	10	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	1
74.	Түркен Айтбіке	10	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	3
75.	Ердосова Адема	10	Жалпы білім беретін мектептерге арналған “Ақбота” зияткерлік олимпиадасы	1
76.	Жаксылыкова Аяжан	10	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені (биология пәнінен)	1
77.	Ердосова Адема	10	«Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезені (биология пәнінен)	1
78.	Ердосова Адема	10	“Абай” пәндік олимпиадасының облыстық кезені (орыс тілі)	1

79.	Ердосова Адема	10	9-11 сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында қазақ тілі оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша	1
80.	Ердосова Адема	10	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысушы	сертификат

Оқушылардың 2024-2025 оқу жылында қатысқан олимпиада сайыстар мен байқаулардың республикалық деңгейдегі көрсеткіші

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Іс-шараның атауы	Нәтижесі
Бекмурзина Токлу Акатаевна				
1.	Жакупов Дидар	3	Бастауыш сыныптарға арналған 2 Республикалық «Мың бала - 2024» олимпиадасы	2
2.	Сейткерей Мирас	3	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2
3.	Марат Нурали	3	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	2
Пән мұғалімдері				
1.	Сейтжан Жанерке	6	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (жаратылыстану)	1
2.	Сейтжан Жанерке	6	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (Математика)	1
3.	Орехова Томирис	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (география)	3
4.	Сапанов Нурдаулет	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (География)	2
5.	Мустафина Аниель	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (География)	2
6.	Галеева Самира	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (География)	3
7.	Шайхисламова Дарина	9	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (География)	2
Жолдыбай Айбол Жолдыбайұлы				
1.	Ердосова Адема	10	«Бабалар аманаты» атты 8-ші Республикалық байқауы	2

2.	Аубакирова Жансая	10	«Бабалар аманаты» атты 8-ші Республикалық байқауы	2
3.	Қуанышбек Бекасыл	9	«Бабалар аманаты» атты 8-ші Республикалық байқауы	3
Пән мұғалімдері				
1.	Ердосова Адема	10	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (География)	1
2.	Жаксылыкова Аяжан	10	Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы (География)	1



Бағыт: құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу

Мектептің құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу бойынша міндеттері анықталды:

- девиантты мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдерді анықтау және "ерекше назар топтары" білім алушыларымен жеке-профилактикалық жұмыс.

- Жасөспірімдердің оқу, үйірмелерге қатысу, демалыс уақытын пайдалы өткізу және әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысу арқылы жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.

- Жасөспірімдерге тәрбиелік–түзету іс әректенін ұйымдастыру мақсатында педагогикалық ұжым, ата-аналар қоғамы, (құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау органдары, мәдениет мекемелері сияқты мүдделі құрылымдармен) бірге балалар мен жасөспірімдер қылмысының сапалы алдын алуын қамтамасыз ету.;

- ата-аналарға, балалар мен жасөспірімдерге құқықтық білім беру;

- балалармен, жасөспірімдермен және ата-аналармен суицид пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары;

- алдын алу бойынша мектеп Кеңесі шеңберінде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша проблемаларды қадағалау.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне мектеп құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жетекшілік етеді.

Кеңес жұмысының мақсаты:

- мектептің қараусыз балалармен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысын ұйымдастыру,

- білім алушылар арасында тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандардың

заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Алдын алу жөніндегі Кеңестің құрамына мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, мектептің ата-аналар комитетінің мүшесі ("құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі мектеп кеңесінің қызметі туралы Ережеге"сәйкес) кіреді.

Алдын алу жөніндегі кеңес мынадай мәселелерді қарайды:

1. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жай-күйін, олардың алдын алуға бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстардың жай-күйін зерделеу және талдау.
2. Ерекше тәрбиелік-педагогикалық назар аударуды талап ететін оқушылардың жеке істерін қарау.
3. ЖПҚ ЮПБ ОП-да есепте мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру.
5. Девиантты мінез-құлық білім алушыларын, мектеп жарғысын бұзатын білім алушыларды, балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарды анықтау және мектепшілік есепке қою.

Мектепшілік есепте тұрған білім алушыларды спорт секцияларына, ЖПҚ ЮПБ ОП есебіне тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру.

6. Қолайсыз отбасылармен профилактикалық жұмысты жүзеге асыру.

7. Балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша өз міндеттерін орындамайтын ата-аналардың мінез-құлқын талқылау. Қажет болған жағдайда тиісті мемлекеттік ұйымдардың алдына осындай ата-аналарды ҚР заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тарту туралы мәселе қою.

8. Оқушылар арасында тәртіпті нығайту және қадағалаусыз қалудың, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы сынып жетекшілерін тыңдау.

9. Мектеп директорының ТІЖ орынбасарының құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп жұмысының жай-күйі, мектеп инспекторының оқушылар мен ата-аналар арасындағы оның профилактикалық жұмысы және әлеуметтік педагогтың құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысы туралы есептерін тыңдау.

10. Кәмелетке толмағандар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәселелерді қарау.

11. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша мектеп жұмысы бойынша мәселелерді қарау.

12. ПЖК отрядының қызметі.

13. Әлеуметтік педагогтың "ерекше назар топтары" балаларымен жұмысы.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарының алдын алу және қорғау мәселелерінде мектеп кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиямен тығыз жұмыс істейді.

Өртүрлі есепте тұратын білім алушыларға мониторинг жүргізіледі.

№	Санат	2024-2025
1	ЖПҚ ЮПБ ОП есебінде тұрған балалар	0
2	Мектепшілік есепте тұрған балалар.	0

Талдау көрсеткендей, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар оң нәтиже береді. ЖПҚ ЖББ есебінде, мектеп оқушыларының ішінен мектепшілік есепте тұрған балалар жоқ.

Мұндай оң динамикаға құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер, ата-аналарға құқықтық білім беру және басқа да іс-шаралар арқылы қол жеткізілді. Барлық оқушылармен сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог, педагог – психолог жеке-профилактикалық жұмыс жүргізеді.

Ата-ана міндеттерін орындау және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс нәтижесінде "кәмелетке толмаған балаларын тәрбиелеумен, оқытумен, күтіп-бағумен айналыспайтын, олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналар, заңды өкілдер" санаты бойынша ЖПҚ ЮПБ ОП да есепте тұрған ата-аналар санына мониторинг жүргізілді:

Санат	2024-2025
Қолайсыз отбасылардың саны	0
Қолайсыз отбасылардан шыққан балалар	0

Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорынын болуы туралы мәлімет:

Мектеп кітапханасы – оқу-тәрбие процесін оқулықтармен және көркем әдебиетпен қамтамасыз ететін маңызды орталық, сонымен қатар білім, рухани және зияткерлік қарым-қатынас пен мәдениетті тарату ошағы болып табылады. Кітапхана қызметі мектеп дамуының негізгі бағыттарына, оның әдістемелік тақырыбына, оқу-тәрбиелік мақсаттарына, мектеп жоспарына сәйкес жұмыс жасайды.

Мектеп кітапханасы бірінші қабатта орналасқан. Оқу залына бейімделген ауданы – 40 ш. м. бөлме, ауданы – 15 ш. м. оқу қорын сақтауға арналған кітап қоймасы. Оқу залы абонементпен біріктіріліп, 25 орынға есептелген. Мектеп кітапханасының төлқұжаты, жұмыс жоспары, кестесі бар. Кітапханада ағаш сөрелермен, 18 үстел орындықтарымен, пуфиктармен, жұмсақ диванмен, 1 моноблокпен, 1 принтер, интерактивті панель және проектормен жабдықталған. Кітапханада бір қызметкер – Демес Мәдина Сайранбекқызы жұмыс жасайды. Білімі – жоғары, еңбек өтілі кітапхана саласында 4 жыл. Кітап қоры, келушілер саны, оқулықтар саны, көркемәдебиет түсімі жылдан жылға артып келеді.

Жалпы, кітапханада 1-11 сыныпқа арналған оқулықтар бар. Барлық оқулықтар жаңа буынды және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 2024-2025 оқу жылына арналған бекітілген тізіміне сәйкес келеді. Оның ішінде қаржыландыру цикліне сәйкес 4,9-сынып оқулықтары – 2019 жылғы басылым, 3,6,8-сыныптар – 2018 ж. басылымдар, 5,7 сынып - 2017 басылым, 1 сынып - 2021 басылым, 2 сынып 2022 басылым. Шығарылған оқулықтар «Оқулықтарды беруді есепке алу кітабында» және сыныптар бойынша оқулықтарды беру ведомостарында есепке алынады. 1-11 сынып оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі 100 пайыз.

Қазіргі таңда кітапхана қорында 12113 дана кітап бар, оның ішіндегі оқулық саны – 8665 дана. Сонымен қатар мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, көркем әдебиет қорымен толықтырылған. Жаңа оқу жылында -522 дана оқулықтар, 24 дана көркем әдебиеттермен, 24 дана электронды оқулықпен толықтырылды. Оқу залындағы тақырыптық кітап көрмелері жаңартылып отырады. Жыл мерейгерлеріне арналған көрме сөресінде әр жыл басында мерейгер жазушылардың кітаптарымен алмасып отырады.

Әр жыл сайын республикалық және облыстық маңызы бар «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Білімді ел», «Ана тілі», «Қазақстан кәсіподағы», «Қазақстан мұғалімі», «Костанайские новости», «Қостанай таңы», «Учительская плус» мерзімді басылымдарға жазылу жүргізіледі.

Сонымен қатар әр жыл сайын кітапхана жоспары, «Оқуға құштар мектеп» жоспары түзіледі. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында бірқатар іс-шаралар атқарылды. Атап айтар болсақ, әр оқу демалыстары кезінде “Балалар кітапханасы”, “Қыста оқимыз, жадымызға тоқимыз”, “Көңілді көктем демалысы” сынды іс-шаралар өткізілді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысында жариялаған тапсырмасын іске асыру мақсатымен, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2023 жылдың 28 ақпан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджін өткізді.

Челлендж талабына сай Қостанай облысы Қызылорда облысынан ақын Қасым Аманжоловтың «Туған жер», «Дариға, сол қыз» атты өлеңдер жинағын оқуға қабылдап алды.

Жоба аясында мектебімізде кітап оқудағы ата-аналар белсенділігін арттыру мақсатында “Балалармен бірге оқимыз”, “Отбасылық 15 минуттық оқу», «Ертегі тәрбие көзі» ұйымдастырылып отырады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жарқын болашаққа! Кітапханаға!» челленджі ұйымдастырылып, видеороликтер түсіріліп, мектептің әлеуметтік парақшаларына жарияланған болатын.

Кітапхана қабырғасында мектебіміздің бірқатар қонақтарымен де көпшілік жұмыстар жүргізіліп отырады. Атап айтар болсақ, ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Серікпай Оспанұлы қонақта болып өзінің қаламынан туға «Ең жақын кім адамға ... », «Ыбырай тағылымы», «Санамақтар», «Адамгершілік әліпбиі» кітаптарын сыйға тартқан болатын.

Сонымен қатар аудандық кітапхана жүйесі, аудандық балалар кітапханасымен, тарихи-өлкетану музейімен де тығыз байланыста жұмыс жасаймыз. Оның дәлелі ретінде «Мұхамеджан Сералин» атты тақырыпта тарихи-өлкетану музейінен мектеп кітапханасына қойылған жылжымалы көрмені айта аламыз. Сонымен қатар атаулы мерекелі, мемлекеттік мереке қарсаңында кітапханаларда өткізілетін і-шараларға белсене қатысамыз. Музей қызметкерлері Сарсенбаева Ш.Т, Сарсенбаева А.Б және ауданымыздың белгілі нумизматы Притуленко Евгений Павловичпен бірге «Ұлттық валюта-теңге» тақырыбында оқушылармен кездесу болып өтті.

Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар жазғы каникул қарсаңында «Мамыр – бірлік айы» аясында оқушыларға арналған «Демалыста кітап оқимыз» республикалық буккроссингіне қатысты.

Буккроссингтің мақсаты: еліміз бойынша барлық мектеп оқушыларын кітап оқуға шақыру, кітап ұсынымдарымен және жаңа әдебиеттермен бөлісу.

Буккроссингке Қазақстан Республикасының барлық мектептерінің 1-11 сынып оқушылары қатыса алады.

Буккроссингтің міндеті: қазақстандық оқушыларды акцияға қатысуға тарту арқылы олардың оқу белсенділігін арттыру.

Буккроссингтің мәні - жазғы демалыста кітап оқу. Акцияның әрбір қатысушысы акцияның басқа қатысушыларының кеңесіне сүйене отырып, алдын ала белгіленген тізім бойынша кітаптарды оқи алады немесе кітаптар тізімін жасай алады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында тұрақты түрде жоспардан бөлек «Оқы да биіктен көрін», «Менің сүйікті кітабым» марафоны, «Шын жүректен кітап сыйла» Bookcrossing, «Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту» (Бір сынып-бір кітап), «Мектепке кітап сыйла» акциясы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Балалар кітапханасы» жобасы 2023 жылдың 16 қарашасында Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда қабылданды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырған болатын.

Осыған байланысты Оқу-ағарту министрілігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасында «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылатын кітаптардың тізімі жасақталды. Оған қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма енді. Оның 76%— отандық, 24%— әлем әдебиетінің таңдаулы еңбектері.

Отандық шығармалар қатарына Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев сында қаламгерлердің шығармалары енді. Ал әлем әдебиетінің тізімінде Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скот, Михаил Лермонтовтың еңбектері бар. Осы жоба аясында да «Менің сүйікті жазушым», «Мен ұнатқан кітап» тақырыбында әртүрлі жастағы балалар арасында іс-шаралар өткізілді.

Ұйымдастырылып өткізілген әрбір іс шара әлеуметтік желілердегі парақшаларға жарияланып отырады.

Алдағы уақытта да «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары аясында жоспарлы жұмыстар жалғасады.

Мектептің психологиялық қызметі жыл сайын әр оқу жылының басында әзірленетін және бекітілген жоспар бойынша жұмыс істейді, ол білім беру процесі кезінде оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін қажетті психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру мақсатында құрылады. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, балаларға қатыгездік пен тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандарға жыныстық қол сұғылмаушылықты болдырмау бойынша қосымша шаралар. Психологиялық қызметке: директор, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, (келісім бойынша) медицина қызметкері кіреді.

Психологиялық қызметтің мақсаты: білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға көмектесу, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық орта құру және оқу үдерісіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Міндеттері:

-оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

- қарқынды дамып жатқан ақпараттық қоғам жағдайында оқушыларға олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;

-әр оқушыға оның тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарасты қамтамасыз ету;

-психологиялық диагностика жүргізу және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

-оқушылардың психологиялық қиындықтары мен мәселелерін шешу үшін психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;

- оқушылардың психикалық денсаулығын қорғау;

-ата-аналарға (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) және мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуде оқыту мен тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда консультациялық көмек көрсету;

- оқу тоқсанында кемінде 1 рет жүйелі тестілеу арқылы кәмелетке толмағандардағы суицидке психологиялық бейімділіктерді, сондай-ақ асоциалды бейімділіктерді (қылмыс жасауға, алкогольдік, есірткілік заттарды тұтынуға, қылмыс жасауға бейімділік) анықтау және алдын алу;

- суицидке бейім кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың ата-аналарына (немесе оларды алмастыратын тұлғаларға) өзіне-өзі қол жұмсау мен қастандықтардың алдын алу мақсатында психологиялық көмек көрсету.

Мектептің психологиялық қызметін реттейтін нормативтік құжаттар:

Бала құқықтары туралы конвенция, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (03.07.2013 ж. өзгертулер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III., Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметінің қағидалары (ҚР ПҚ, 2022 ж.), білім беру ұйымының жарғысы, психологиялық қызмет туралы ереже.

Психологиялық қызмет өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады: психодиагностикалық, консультативтік, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамыту, ұйымдастырушылық-әдістемелік

Жұмыс формалары:

- Республикалық іс-шаралар мен айлықтардың шеңберінде, сондай-ақ атаулы даталардың мерекелеріне арналған аудандық, мектеп және сыныптық тақырыптық іс-шаралар;

- Оқушылар мен ата-аналарға арналған тақырыптық сабақтар, профилактикалық әңгімелер, пікірталастар, психологиялық тренингтер, сауалнамалар мен социологиялық сауалнамалар;

- Педагогикалық кеңестер, директор жанындағы кеңестер, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің отырыстары;

- Оқушылармен диагностикалық, бақылау және түзету жұмыстары;

- Ата-аналармен кездесулер мен жеке кеңестер, бірлескен рейдтер мен алдын алу шаралары;

- Медицина қызметкерлерімен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен және мамандандырылған ведомстволық мекемелердің қызметкерлерімен кездесулер.

1) Психодиагностикалық бағыт 3 жылдық жоспар бойынша – оқу жылы ішінде мынадай диагностика жүргізіледі:

Зорлық-зомбылықтың және қатыгез қарым-қатынастың алдын-алу, психобелсенді заттардың қолдану белгілерін анықтау бойынша тоқсан сайын диагностикалық зерттеу жүргізіліп отырады.

Қыркүйек айында - бейімделу кезеңіндегі 1-сынып оқушыларының психологиялық мәселелерін анықтау үшін:

Керн-Йрасек «Баланың мектепке дайындығын анықтау»

тест; «Нүктелер көшірмесі» әдістеме; Щур «Баспалдақ» әдістемесі, «Сөздер көшірмесі» әдістемелері. «Мектеп суреті» проективті әдістемесі.

5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу үшін:

Филлипс «Мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау» әдістеме;

«Социометрия» әдісі; Н.Г. Лусканованың «Мектептегі мотивация деңгейін бағалау» сауалнамасы. 9-11 сынып оқушыларына, жеке тұлғаның тұлғаның кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын анықтау үшін; тест «Йовайши» сауалнамасы.

Қазан айында: 1-4 сыныптарға «Графикалық диктант» проективті әдістемесі, МАД тобының таным қабілеттерін диагностикалауға тест; А Филлипс «Мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау» әдістеме; 8-11 сынып оқушыларына «Психикалық күйлерді өзін-өзі бағалау» тесті Айзенк бойынша:

«Адаммен ағаш» проективті әлеуметтік-психологиялық әдістеме;

5,6,7 сынып оқушыларымен Филлипс «Мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау» әдістеме;

Қараша айында: 1-4 сынып, 5-11 сыныптар аралығында оқушылардың жеке эмоциялық жағдайын, агрессия деңгейін анықтау үшін «Кактус», «Әлемде жоқ жануар әдістемесі»; 5-8 сыныптар аралығында «Социометрия» әдістемесі өткізілді.

Желтоқсан айында: 5-11 сыныптарда оқушылардың мазасыздық деңгейін, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін; «Филлипс» тесті, «Баспалдақ» әдістемесі; 2-4 сынып оқушыларының жеке интеллектуалды деңгейіне тест алынды; «Сіз қандай ата-анасыз?» ата-аналарға сауалнама өткізілді; 5-11 сынып оқушыларына аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушыларды анықтау үшін: Басса-Даркидің, Д.Моудсли сауалнамалары өткізілді; Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу бойынша мұғалімге Ковалева сауалнамасы алынды.

Қаңтар айында: 5-8 сынып оқушыларына Н.Г. Лусканованың «Мектептегі мотивация деңгейін бағалау» сауалнамасы;

Ақпан айында: 9-11 сынып оқушыларының «Мазасыздық шкаласы» Кондаштың әдістемесі; Емтихан стресінің алдын-алуға тест 9-11 сынып оқушыларына өткізілді;

Наурыз айында: Ұжымдағы жалпы қарым-қатынас пен мұғалімдердің өзара психологиялық ахуалын анықтауға арналған мұғалімдерге сауалнама; 4 сынып оқушыларының бойындағы мазасыздықты анықтау тесті өткізілді. 4-5 сынып оқушыларына «Отбасының кинетикалық суреті» проективті әдістемесі алынды.

Сәуір айында: 9-11 сыныптар аралығында оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау «Сенің кәсіби ой ниетін» сауалнамасы, 4 сынып оқушыларының таным қабілеттерін тексеруге арналған тест өткізілді.

Мамыр айында: «Балаңыз мектепке дайын ба?» МАД тобының ата-аналарына сауалнама; Топтық диагностика МАД тобының мектепке дайындығы тексерілді.

Ағартушылық-профилактикалық бағытта:

Қыркүйек айында: «Баланы мектепке, оқуға бейімдеу» 1 сынып ата-аналарына ұсыным; «Буллинг және кибербуллинг» ата-аналар мен мұғалімдерге баяндама; Жалпы мектепшілік, сыныптық ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу 1-11 сынып ата-аналары; «Бірінші сынып оқушыларының бейімделуі» семинар-практикумы 1-сынып ата-аналары; «Орта буынға көшу кезінде 5 сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» 5 сынып мұғалімдеріне арналған оқыту семинары өткізілді.

Қазан айында: «Жеткіншектер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың, жыныстық қолсұғылмаушылықты, буллинг және кибербуллинктің алдын алу» жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

10 қазан психикалық денсаулық күні аясында 5-11 сыныптар аралығында «Психикалық денсаулықты қалай сақтауға болады» әңгіме-кеңес, «Түрлі түсті алақандар», «Сізге қажетті нәрсені алыңыз» жаттығулар өткізілді.

Қараша айында: «5-сынып оқушыларының бейімделуі» ата-аналар жиналысы, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық акция, «Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу» 5-8 сыныптар аралығында түсіндірме жұмыстары.

Желтоқсан айында: «Әлеуметтік желідегі интернет қауіпсіздік ережелері» 2-3 сынып ата-аналарымен отырыс; 1-11 сынып оқушыларына Ақпараттық акция «Қауіпіз ғаламтор», «Ғаламтор ресурстарын қолдану мәдениеті» тақырыбы бойынша; «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» мақсатында 6-7 сынып оқушыларымен ағартушылық жұмыс өткізілді.

Қаңтар айында: «Жеткіншек жастағы кризистер» баяндама 5-8 сынып ата-аналарына өткізілді; 1-4 сынып Ата-аналарына жиналыс: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі», «Ата-аналармен жанжалды қалай шешуге болады?» тақырыбында педагогтерге семинар-практикум; 5-11 сынып ата-аналар жиналасы: «Отбасылық үйлесімділіктің кілті- сенімді қарым-қатынас» өткізілді.

Ақпан айында: «Баланың психологиялық денсаулығы» ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес, ұсынымдар; 7-10 сынып оқушыларына «Мен тәуелсіз болғым келеді!» тренингі, семинар-дәріс: «Көңіл күйіңізге әсер етіңіз және оны жақсартыңыз»; «Кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға» арналған дәрістер. «Мен өмірді таңдаймын!» орта және жоғары сыныптармен жұмыс өткізілді.

Наурыз айында: «Бұл әлем, қандай керемет, қарашы!» біріңғай облыстық сынып сағаттар, «Білім беру ортасындағы буллинг» 6-7 сынып ата-аналарымен отырыс

Сәуір айында: «Лудомания-болашақтың дерті» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында әңгіме-кеңес; «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүзеге асырудағы педагог-психологтің рөлі» ғылыми тәжірибелік коференция.

Мамыр айында: «Буллингтен қалай қорғануға болады» тақырыбында әңгіме-кеңес.

Психоконсультациялық бағытта:

Оқушылармен және заңды өкілдермен профилактикалық әңгімелесулер мен консультациялар тұрақты түрде өткізіледі (оқу процесінің барлық қатысушыларымен өткізілген консультациялар саны – 127).

Жыл бойы: сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру, жас мамандарға бейімделуге байланысты кеңес беру, ата-аналар комитетімен жұмыс, сұраныс бойынша жеке және топық кеңес беру.

Түзету-дамыту бағытта:

Жеке, топтық түзету және дамыту жұмыстары оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Түзету және дамыту жұмысы оқушылардың танымдық, эмоционалды, мінез-құлық және коммуникативті салалардағы қиындықтарды сәтті бейімдеу және жеңу үшін қажетті қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Дамытушылық (түзету) жұмысы барысында оқушылармен 30 тренинг өткізілді, ата-аналармен – 20, мұғалімдермен – 20. Іс-шараның негізгі

тақырыптары: балалардың бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері, бала мен ата-ана қарым-қатынасының қиындықтары, эмоционалды интеллект. , буллингтің алдын алу, ұжымды біріктіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және т.б.;

Ұйымдастыру-әдістемелік – мектептің психологиялық қызметі үнемі біліктіліктерін арттырып отырады. Жарыстар мен олимпиадаларға қатысады.

Мектептің психологиялық қызметі жыл сайын әр оқу жылының басында құрылатын бекітілген жоспар бойынша жұмыс істейді.

2023-2024 оқу жылының қазан айында 1-сынып оқушыларының мектепке оқу дайындығын анықтау барысында оқуға деген, мектеп талаптарын орындауға икемділік ерекшеліктерін анықтау үшін қыркүйек айында келесі диагностикалық және түзету жұмыстары өткізілді. 1 сыныпта барлығы 16 оқушы.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейі мен ой- өрісін дамытуда, естіп есте сақтау, көріп есте сақтау, зейіні мен логикалық ойлау қабілеттерінің деңгейін анықтау барысында Керн-Йрасек тесті атты диагностикалық жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың мектептік көзқарастарын бақылау, олардың білімге ынталарын, қоршаған ортаға бейімделулерін анықтау.

2023 жылдың қазан айында бейімделу кезеңінен өту бойынша 1-сынып білім алушыларын диагностикалық тексеру өткізілді. Зерттеу барысында 1-сынып оқушыларының даму деңгейіне қарай таным үрдістерінің қалыптасуы барысында кездесетін кемшіліктерді түзетіп, қалпына келтіруге арналған психологиялық жаттығулар жүргізілді.

Атап айтқанда, 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын тексеру мақсатында қазан айларында диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Диагностика жұмыстары мектепте балаларды жеке тұлғалық оқытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің ерекшелігі:

- Баланың психологиялық қорғану сезімін, қуанышты сезіну мен оның дара дамуын қамтамасыз ету;

- Баланың денсаулығына кері әсер ететін факторлардың алдын-алу;

- Баланың мектепке жылдам қалыптасуын қамтамасыз ету,

- Баланың жеке сапалық қасиеттерінің белсенді даму деңгейін анықтау.

Осы ерекшеліктердің орындалуы мақсатында баланың жеке даму деңгейін, оқуға психологиялық дайындығын анықтайтын мынадай әдістемелер алынды:

- Керн-Йерасек 3 субтесттен тұратын баланың мектепке дайындығын бағдарлау тесті;

- Оқушының өзін-өзі бағалауын анықтау «Баспалдақ» Щур В.Г әдістемесі;

Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау, мектепке бейімделуін қандай деңгейде екенін анықтау үшін «Мектеп өміріне енгізу» топтық сабақ қыркүйектің алғашқы он күндігінде өтті. Онда оқушылар мектеп өмірімен, кабинеттермен және мектеп алаңымен танысады. Сонымен қатар мектепте өзін қалай ұстау, мектеп ережесімен танысады. Балабақша, МДС пен мектептің қандай айырмашылығы бар екендігін түсінді.

1-сынып оқушыларымен «Баспалдақ» Щур В.Г, «Ағаштағы адамдар» әдістемелері, сабақтарына қатысып, оның нәтижесінде оқушының мінез-құлқын және оқушының сабаққа қызығушылығын, мектепке келгендегі көңіл күйін танып білеміз. Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Балалардың көпшілігі мектепке оң көзқараспен қарайды, оқу іс-әрекеті қалыпты

деңгейде. Оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасалды. Бірінші сынып оқушыларының мектеп ережесін қабылдауы төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

Сынып жетекшілер Сактабергенова А.С. сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі.

Баланың жеке сапалық қасиеттерінің белсенді даму деңгейі, қол бұлшық еттерінің дамуы мен психологиялық дайындығын анықтау Керн-Йерасек әдістемесінің нәтижесі:

Сыныбы	Зерттеуге қатысқан оқушылар саны	Мектепке дайындық деңгейі		
		Жоғары	Орташа	Төмен
1	16	8-50%	5-31,2%	3-18,7%

1 сыныпта «Баспалдақ» әдісі бойынша алынған нәтижелерді талдау келесі нәтижені көрсетті: Жоғары сатыға қойған оқушылардың кейбір ойлар мен тартынулардан кейін ол өзін ең жоғары сатыға қойды. Оқушылардың 9-56,2 % - ында өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейі анықталды. Өзін-өзі жоғары бағалау кезінде балалар бәрінен де жақсы болуға тырысады. Мұндай баладан жиі естуге болады: “Мен ең жақсымын (күшті, әдемі). Мені бәрі тыңдауы керек». Мұндай балалар көшбасшы болғысы келеді. Олар әрқашан және барлық жерде бірінші болғысы келеді және егер олар сәтсіздікке ұшыраса, жүрекке қатты тиеді. Оқушылардың 7-43,7% - ында өзін-өзі бағалаудың адекватты деңгейі анықталды. Қорытынды: осылайша, әдістеменің нәтижелері бойынша оқушылардың өзін-өзі бағалау төмен деңгейін көрсеткен оқушылар анықталмады.

Балаларда танымдық мотив, барлық мектеп талаптарын сәтті орындауға деген ұмтылыс бар. Оқушылар мұғалімнің нұсқауларын нақты орындайды, ынталы және жауапты, мектепке оң көзқараспен қарайды. Балалар мектепте өзін қауіпсіз сезінеді, бірақ достарымен, мұғалімімен қарым-қатынас жасау үшін мектепке жиі барады. Оқушы болуға оларға ұнайды. Диагностика мәліметтеріне сүйене отырып, жалпы алғанда, 1-сынып оқушылары мектепке бейімделуден сәтті өтіп жатқаны деп қорытынды жасауға болады. Әдістеменің нәтижелері көрсеткендей, балалардың көпшілігі мектепке оң көзқараспен қарайды, оқу іс-әрекеті қалыпты деңгейде.

Балаға бейімделуге көмектесу тек мұғалімдер мен ата-аналармен бірге жұмыс жасап қана оқушыларға мектепке бейімделу балаға жаңа өмірге көшудің қиын кезеңінен оңай өтуге көмектесе алады.

Жалпы 1-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу деңгейі қалыпты деп бағаланады.

Сондай-ақ, ата-аналармен жұмыс жүргізілді, "бірінші сынып оқушысының бейімделуі", "бейімделу қиындықтары", ата-аналар стрессіз балаларға бейімделу кезеңінен өтуге және оқушылар ұжымына қосылуға, сыныптастармен байланыс орнатуға көмектесетін бірқатар ұсыныстар берілді. 1 сынып жетекшілері мен ата-аналар бірлесіп, төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізу, тілдерін дамыту, ақыл-ой қабілеттерін одан әрі дамытып, логикалық тапсырмалармен көбірек жұмыс жүргізуді күшейту қажеттігі жайлы психологиялық кеңес берілді. Сонымен қатар, оқушылардың зейінін дамыту үшін көптеген көрнекіліктермен сабақтар өткізу олардың қабылдауын және есте

сақтауын арттыру туралы сынып жетекшілермен әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың қазан айында бейімделу кезеңінен өту бойынша 5 сынып оқушыларының орта буында оқуға бейімделуі бойынша психологиялық-педагогикалық диагностика жұмысы жүргізілді.

5-сынып оқушыларының негізгі мектепке бейімделуінің алғышарттарының бірі – оқушының өзінің оқу қызметіне басшылық жасау, оқудың мәні мен мазмұнын түсіне біліп, мақсатты түрде оқуға өзін жұмылдырып, өз бетімен жұмыс істеуге дағдылануы қажет. Бұл кезде оқытудың аса маңызды мақсаттарының бірі – оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерін өз бетінше жүргізу.

Оқушылардың орта буынға өтуге дайын болуы үшін мынадай шарт қойылады: өзін-өзі бағалай алуы, ақыл-ой өрісінің дамуы, оқуға деген қызығушылығын, мотивациясын зерттеу, эмоциялық ер жеткен құрбы-құрдастармен, мектептегі, отбасыдағы басқа адамдармен қарым-қатынасы, жаңа сынып жетекшімен қарым-қатынас;

Бесінші сынып оқушыларының бейімделуін анықтауға қыркүйек-қазан айында келесі зерттеулер өткізілді: Н. Лусканованың «Оқу мотивациясын анықтау» тесті, «Мектептегі мазасыздық» Филлипс тесті және социометрия әдісі және әлеуметтік бейімделу тренингі жүргізілді. «Мектепке деген мотивациясының деңгейі» Н.Г. Лускановой әдісі бойынша алынған нәтижелерді талдау келесі нәтижені көрсетті :

№	Сынып	Мотивация деңгейі			
		Өте жоғары	Жоғары	Орта	Төмен
1	5-16 оқушы	2-9,5%	7-35%	12-60%	

5-сынып оқушыларының психоэмоционалдық жағдайы. Оқушыларға Филипстің мектептегі мазасыздық тестінің 58 сұрағына жауап беру ұсынылды. Бұл әдіс бастауыш және орта мектеп жасындағы балалардағы мазасыздықтың деңгейі мен сипатын анықтауға көмектеседі.

Бесінші сынып оқушыларының психоэмоционалды жағдайы мектептегі жалпы мазасыздықпен де, мектептегі мазасыздықтың жеке көріністерімен де талданды.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға байланысты оқушылармен жүргізілген жұмыстар:

1. Аутодеструктивті мінез – құлқы бар оқушыларды анықтау.
2. Аутодеструктивті мінез – құлықты алдын алуға білім алушылармен жеке және топтық жұмыстар, психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.
3. Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алуға ата-аналармен және педагогикалық ұжыммен жеке және топтық жұмыстар, психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.

5-11 сынып оқушылары қатыгездік аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар жиі жүргізіліп тұрады.

Оқу жылдары	Тоқсан	5-11 сыныптарда оқитындар саны	Сауалнамаларға қатысқан оқушылар саны	Анықталған оқушылар саны
2022 - 2023	I	105	102	3
	II	105	100	2
	III	105	98	1
	IV	105	103	2
2023-2024	I	96	83	2
	II	96	91	2
	III	96	89	2
	IV	96	76	1
2024-2025	I	107	86	2

Суицидтің бастапқы профилактикасы суицидтің үш қауіп факторы бар (психологиялық диагностика мен консультациялар нәтижелері бойынша) «ерекше топтағы» балалар мен жасөспірімдерге қатысты жүргізіледі. «Ерекше назар» тобындағы барлық оқушылар бекітілген жеке жоспар бойынша диагностикалық, түзету және кеңес беру жұмыстары жүргізіледі.

Соның ішінде топтық түзету сабақтары: «Эмоциялар мен сезімдер» , «Стресске төзімділік», «Өзіңмен үйлесімде», «Стресспен күресу жолдары».

Отбасы ішіндегі эмоционалды жағдайын, ата-аналар мен оларды алмастыратын адамдар тарапынан қатігездікке ұшыраған білім алушыларды анықтау мақсатында 5 сынып оқушылармен «Менің отбасым» проективті әдістеме алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша: оқушылардың арасында отбасында зорлық-зомбылыққа, қатігездікке ұшыраған оқушылар анықталмады.

5-7 сынып оқушылармен «Аутодеструктивті мінез-құлыққа бой алдырмаудың шаралары» тренингі жүргізілді.

Мектепшілік деңгейде «Балалар. Жеке шекара. Қауіпсіздік. Балаларға жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу», «Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу», «Буллинг, кибербуллингтің алдын алу» тақырыптарында ата – аналар жиналысы, сонымен қатар полиция бөлімі, аудандық прокуратура және СӨС қызметкерімен бірлесе жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, психобелсенді заттарды пайдалану тақырыптарына ағартушылық дәрістер жүргізіліп отырды.

Түлектермен кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған топтық жұмыс жүргізіледі, оның барысында оқушылардың көп бөлігі мамандық таңдауда анықталады. Осы бағыт аясында кәсіптік бағдар беру бойынша диагностикалық зерттеулер, тақырыптық әңгімелер, тренингтер мен кеңестер жүргізіледі.

Жыл сайын бүкіл оқу жылы бойы 9 және 11 сынып оқушыларының табысты оқуы мен психологиялық дамуы үшін психологиялық жағдай жасау мақсатында қорытынды аттестаттауға дайындық және оны тапсыру кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Түлектер диагностикаға, топтық жұмысқа, ойындарға және тренингтерге қатысады, бұл стресске төзімділікті арттыруға, сенімді мінез-құлық дағдыларын дамытуға, эмоционалдық және ерікті сфераны дамытуға және ішкі резервтерге негізделген өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылар «Стресспен қалай күресуге болады» қорытынды аттестация кезінде стресстік жағдайдан қалай арылуға болатыны туралы жадынамалар ұсынылды, жеке консультациялар алды, онда өзін-өзі реттеу және өзін-өзі ұйымдастыру әдістері, мазасыздықты жеңілдету жолдары мен ерекшеліктері туралы ақпарат алды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және жанжал жағдайына қатысушыларды әлеуметтік оңалтуға жәрдемдесу мақсатында мектебімізде медиация қызметі жұмыс жасайды, оның негізінде мобильді топ жұмыс істейді, нәтижесінде балаларға шұғыл көмек көрсетеді. Буллинг фактілерінің және қорқыту әрекеттерінің белгілерінің болуы. Психологиялық қызмет бұл бағыттағы жұмыстарды буллингтің алдын алу және медиация қызметі бойынша бекітілген іс-шаралар жоспары бойынша жүргізеді.

Мектептің инстаграмм парақшасында білім алушыларға және олардың ата – аналарына психологиялық кеңестер, жадынамалар, сонымен қатар Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Психологиялық қолдау және қосымша білім беру өңірлік орталығының" жұмысы бойынша ақпараттық брошюралар жарияланды.

Жыл сайын жазда «Психологиялық қолдаудың жазғы алаңы» жобасы жұмыс істейді. Бұл жобаның жұмысы диагностикалық зерттеулер, тренингтер, әңгімелесулер, түзету сабақтары, кеңестер, жадынама мен спорттық іс-шараларды қамтитын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылған.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру;

Бейіндік білім беру әрбір оқушының өзіндік білім беру траекториясын өз бетінше саналы қалыптастыру негізінде кәсіптік саласын өз бетінше анықтауына жағдай жасауды көздейді. Мектепте бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім беру сатысында жүзеге асырылады. Бейіндік оқытудың мақсаты нақты мамандыққа немесе мамандыққа даярлау емес, білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес толыққанды жалпы білім беру жағдайларын қамтамасыз ету, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы және үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіптік оқытуға көшуге дайындығын қамтамасыз ету болып табылады. 10-11 сыныптарда бейіндік оқыту элективті курстарды қамтитын вариативті компонент арқылы жүзеге асырылады, бұл мектептің жұмыс оқу жоспарында көрініс табады.

2024-2025 оқу жылының жалпы орта білім беру деңгейінде "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен 08.02.2024 жылғы № 27 және 27.06.2024 № 161 (бұдан әрі үлгілік оқу жоспарлары), ҚР Білім және ғылым Министрлігінің бұйрығына 86-қосымша 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500, ҚР Оқу-ағарту Министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығы негізінде құрастырылды. Вариативтік компоненттің 2 сағатында «Жаһандық күзиреттілік» курсы жүзеге асырылады, ЖМ бағыттағы 10-сыныпта «Математикалық сауаттылық – заман талабы», «Биофизика элементтері», 11 сыныпта «Бизнестегі математика», «Химиядан сандық есептерді шығару» курстары оқытылады.

Вариативті оқу жүктемесінде элективті курстарды жоспарлауда жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағыттары ескерілген. Элективті курстар мен арнайы курстар жаратылыстану-математикалық бағыттары мен бейіндері бойынша білім алушылардың білімдерін тереңдетуге, пәндік функционалдық сауаттылықтарын, тілдік құзыреттіліктерін арттыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу, олимпиадалар мен қорытынды аттестаттауға сапалы дайындауды қарастырады.

Педагогтер ұжымы білім алушылардан бейініне сәйкес келетін нақты мамандыққа деген көзқарасты қалыптастыруға жағдай жасайды. Осы бейінді игере отырып, білім алушылар оқуын жалғастырып, өздеріне қажет мамандықтарды таңдай алады. Мамандық таңдаудың алғашқы қадамы – мектеп қабырғасында білім алатын жас буынға кәсіптік бағдар беруден басталады.

Кәсіптік бағдар беру – қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, білім алушыларға үздіксіз білім берудің нұсқаларын жобалау кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге, сондай-ақ жасөспірімнің жалпы әлеуметтік, кәсіби және мәдени өзін-өзі анықтауға дайындығын арттыруға, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде мақсатты атқарылатын жұмыс.

Мақсаты: Мектеп білім алушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Білім алушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- білім алушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында білім алушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- білім алушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Жыл басында кәсіптік бағдар беру жұмысының жылдық жоспары бекітіліп, соның негізінде мектебімізде кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар жүргізіледі. Осы орайда, мектеп, білім алушы, ата-ана, педагогтер, мектеп кітапханашысы, сынып жетекшісі, мектеп психологі өзара әрекеттестікте жұмыс жасайды.

